



ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ
WORKFORCE DEVELOPMENT CENTRE

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН БАЯНДАМА

Карантин туу деңгейіне қалай әсер етеді?

Қайырбек Аяшев¹

2021 жыл, қараша

Автордың осы баяндамада айтылған пікірлері «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ ұстанымына сәйкес келмеуі мүмкін.

Талқылауға арналған баяндама талқылау және сараптау үшін таратылады (жарияланады). Ол баяндама тақырыбымен жұмыс істейтін сыртқы сарапшылар тарапынан бағаланған жоқ.

АБСТРАКТ: Баяндамада соңғы 5-6 жылдағы, соның ішінде пандемия кезеңін қоса алғанда, кейбір елдерде, соның ішінде Қазақстанда дүниеге келген балалар санының динамикасы талданады. Талдау зерттелген елдердің көпшілігінде карантин және соған байланысты шаралар, сайып келгенде, бала тууға кері әсерін тигізгенін көрсетті. 2020 жылы Қазақстанда туу көрсеткішінің күрт өсуіне көп балалы отбасыларға берілетін жаңа жәрдемақы себеп болғаны дәлелденді. Сондай-ақ, Қазақстан аймақтарын салыстыру кезінде 2020 жылда өңірдегі өмір сүру деңгейі мен кезекпен 4-ші балаларын туу көрсеткішінің өсу қарқыны арасында теріс байланыс анықталды.

JEL кодтары: J11, J13, J18.

Түйінді сөздер: Бала туу, карантин, пандемия, COVID-19, тренд, бэби бум, жұмыссыздық деңгейі, тууды ынталандыру, аналық капитал, көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақы, өмір сүру деңгейі, туылу кезегі.

Автордың электрондық адресі: k.ayashev@enbek.kz

¹ Автор баяндаманы жазу барысында берген құнды кеңестері үшін Дмитрий Шумековке алғысын білдіреді.



Карантин туу деңгейіне қалай әсер етеді?

Пандемияның басынан бастап көптеген адамдарды мына сұрақ қызықтырады: қазіргі жаһандық карантин қандай жағдайға әкелді: "бэби-бумға" ма немесе керісінше туудың төмендеуіне ме?

Халықтың мобильділігін және бос уақыт нұсқаларын шектеу, жұмыссыздықтың өсуі және халық табысының төмендеуі, әлеуметтік қорғау шаралары, тууды ынталандыру шаралары, менталитет ерекшеліктері, контрацепция әдістерін пайдалану дәрежесі сияқты қарама-қарсы әсер ететін факторлардың көптігіне байланысты "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ жүргізген еларалық зерттеу нәтижесі бір мәнді емес болып шықты.


Бір жағынан зерттеуде 2020 жылғы қарашадан бастап 2021 жылдың деректері қол жетімді соңғы айына дейінгі кезеңдегі елдер бойынша туу деңгейі туралы нақты деректер пайдаланылды. Бұдан әрі, алдыңғы 4-5 жылдағы туу серпінінің негізінде туу көрсеткішінің трендтік мәндері, яғни егер пандемия және басқа да өзгерістер болмағанда, туу көрсеткішінің инерция бойынша жететін мәндері есептелді. Нәтижесінде елдер бойынша алынған екі мән бір-бірімен салыстырылды.



Дереккөз: Автор, ұлттық статистикалық мәліметтер негізінде

Зерттеу қарастырылған елдердің көпшілігінде карантин мен онымен байланысты шаралар, ақырында, туу деңгейіне теріс әсер еткенін көрсетті.

Мәселен, Португалия, Румыния және Чилиде туу деңгейі трендпен салыстырғанда сәйкесінше 9, 12 және 19 пайызға төмендеді.




Дереккөз: Автор, ұлттық статистикалық мәліметтер негізінде

АҚШ пен Швейцарияда төмендеу 4-5 пайызды құрады. Бельгия, Италия, Словения, Испания, Англия, Уэльс, Шотландия, Жапония, Сингапур, Францияда трендпен айырмашылық минус 1,3 – минус 2,5 пайызды құрады.

Кейбір елдерде карантин және онымен байланысты шаралар туу деңгейіне оң әсер етті. Мәселен, Тайвань, Нидерланд, Корея Республикасындағы факт тренд мәнінен 3,1-5,6 пайызға асып түсті. Интернетте тіпті "Нидерландта ауруханалар туатын әйелдерді қабылдаудан бас тартуда. Елде бэби-бум" сияқты тақырыптары бар жаңалықтар шығарылуда.

Осыған байланысты, 2019 жылы Нидерланд мен Корея Республикасындағы жұмыссыздық деңгейі өте төмен болғанын және 3,4% және 3,8%-ды, ал 2021 жылғы шілдеде тиісінше 3,1% және 3,3%-ды құрағанын², яғни пандемиядан алдын болған деңгейден де азайғанын атап өткен жөн. Осылайша, Нидерланды мен Корея Республикасы дағдарыспен сәтті күресетін, пандемия кезінде жұмыссыздық деңгейі одан да төмен болған елдердің қатарына кірді. Бұл, мүмкін, осы елдердің тұрғындарының оптимизмін күшейтеді және бэби-бумға себеп болады. Тайваньда да талданған кезең контекстінде жұмыссыздық деңгейі өте төмен болды: 2019 жылы 3,7% және 2021 жылдың сәуірінде 3,6% құрады.

² <https://data.oecd.org/unemp/unemployment-rate.htm>




Дереккөз: Автор, ұлттық статистикалық мәліметтер негізінде

Күтпеген жағдай, бірақ Украина мен Ресейде факт тренд мәнінен 7,3 және 8,8 пайызға асты. Алайда, бұл Ресей мен Украинада туу көрсеткіші карантинға дейінгі кезеңмен салыстырғанда өскенін білдірмейді.

Украинада 2019 жылғы қарашадан 2020 жылғы маусымға дейінгі кезеңдегі туылған 185,6 мың нәрестемен салыстырғанда 2020 жылғы қарашадан 2021 жылғы маусымға дейінгі туылғандар саны 178,8 мың баланы құрады. Туу көрсеткішінің біршама төмендеуі орын алды. Алайда, алдыңғы жылдардағы серпіні сақталғанда, 2020 жылдың қарашасынан 2021 жылдың маусымына дейін туылғандардың саны 166,6 мың болуы мүмкін еді, сондықтан Украинадағы карантин туу деңгейінің баяу төмендеуіне әкелді деп айтуға болады, ал бұл оң нәтиже болып табылады.

Ресейде карантин және тууды ынталандыру шаралардың оң әсері көптеген жылдар бойы жалғасып келе жатқан туу көрсеткіші төмендеуінің орнына қазір оның тұрақтануы байқалатындығында. Мәселен, 2019 жылғы қарашадан бастап 2020 жылғы шілдеге дейін жаңа туған нәрестелер саны 1 млн 29 мың нәрестені құрады. Ал 2020 жылғы қарашадан бастап 2021 жылғы шілдеге дейін – алдыңғы мөлшерге жуық – 1 млн 28 мың болды, бұл трендтен 8,8%-ға жоғары.



Дереккөз: Автор, ұлттық статистикалық мәліметтер негізінде


Ресейде 2020 жылдың 15 қаңтарында тууды ынталандыру бойынша жаңа шаралар жарияланғанын атап өткен жөн. Мәселен, аяқталуы 2021 жылы жоспарланған ана капиталы бағдарламасы 2026 жылдың соңына дейін ұзартылды. Бұл ретте 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап ана капиталы бірінші бала және одан кейінгі балалар үшін төлене бастады. 2020 жылға дейін ана капиталын екі немесе одан да көп бала туған кезде ғана алуға болатын. Индекстеуден кейін 2020 жылдың қаңтарынан бастап ана капиталы 466 617 рубльді құрады. Екінші бала туылған кезде мемлекет тағы 150 000 рубль төлей бастады. 2019 жылдан бастап, үшінші бала туылғаннан кейін жас отбасылар ипотекалық несиені өтеу үшін мемлекеттен 450 000 рубль ала алады.

Ресейде туу көрсеткішін тұрақтандырудың шешуші факторы не екені, карантин бе әлде тууды ынталандыру шаралары ма деген сұрақ ашық және қосымша зерттеуді қажет етеді. Талдау мүмкіндіктері 2021 жылғы туу реті бойынша қолжетімді бала туу статистикасының әлі де болмауымен шектелген.

Дегенмен тәуелсіз демограф Алексей Ракшаның ойынша "егер тізбекті 12 айдағы туудың сырғанайтын сомасын қолданатын болсақ, онда 2016 жылдан бері алғаш рет 2020 жылы туу деңгейі төмендегені, ал 2021 жылы әсіресе үшінші балалар бойынша аздап өскені байқалады. Үшінші балалардың туу деңгейінің өсуінің жалғыз себебі - ипотека үшін 450 000 рубль төлеуді енгізу. Екінші балалардың туылуы да ана капиталы мөлшерінің 483 000-нан 639 000-ға дейін өсуіне байланысты құлдырауын тоқтатты және аздап өсті"³.

³ <https://secretmag.ru/survival/v-yame.htm>

Туу көрсеткіштерін талдау Қазақстанда туудың күрт өсуі 2020 жылдың III тоқсанынан бастап байқалып отырғанын көрсетеді – туылғандар саны 116,7 мың баланы құрады, бұл 2019 жылдың III тоқсанына қарағанда 8,4% - ға артық. 2020 жылғы IV тоқсандағы өсім 2019 жылғы IV тоқсанға қарағанда 9,5%-ды құрады. 2021 жылғы I-II тоқсандардағы өсім 2020 жылғы тиісті тоқсандарға қарағанда 8,4 және 10,7 пайызды құрады.



Дереккөз: Автор, ұлттық статистикалық мәліметтер негізінде

Қазақстанда карантин бәби-бумға алып келді деген пікір кең таралған⁴, алайда, 2020 жылдың III тоқсанында және IV тоқсанының басым бөлігінде тууға қатысты бұл тұжырым дұрыс емес. 2020 жылдың III тоқсанында туылған балалар 2019 жылдың IV тоқсанында, жаңа жұпалы коронавирус туралы тіпті Ухань тұрғындары да хабардар болмаған кезде ұрықтанды. Сондай-ақ, Қазақстанда 2020 жылдың IV тоқсанында туылған балалардың тек аз ғана саны карантин кезінде ұрықтануы мүмкін еді, өйткені алғашқы карантиндік шектеулер 2020 жылдың наурыз айының ортасы-соңында, негізінен Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында енгізілген болатын.

2020 жылдың екінші жартыжылдығында Қазақстанда бәби-бумның неғұрлым ықтимал себебі көп балалы отбасыларға берілетін жаңа жәрдемақыны енгізу болып табылады.

2019 жылдың соңында (қазан-желтоқсан) 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап көп балалы отбасылар үшін жаңа мемлекеттік ай сайынғы жәрдемақы енгізілетіні

⁴ <https://newtimes.kz/obshchestvo/133438-karantin-stal-prichinoi-bebi-buma-v-kazakhstane>



туралы жарияланды. Жәрдемақы табысына қарамастан төрт және одан да көп бірге

тұратын кәмелетке толмаған балалары немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі оқу бөлімінің студенттері бар отбасыларға арналған.

Төлемдердің мөлшері балалар санына байланысты және 2020 жылы ай сайын төрт баласы бар отбасыларға 44 448 теңге, бес баласы бар отбасыларға 55 672 теңге, алты баласы бар отбасыларға 66 811 теңге және сол сияқты өсу ретімен құрады.

Қазақстандағы туу реті бойынша бала туу статистикасы көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылардың ынталандыру рөлін растайды.

Мәселен, 2020 жылы Қазақстанда 426 824 бала дүниеге келді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 24 514-ке артық. Бала туу өсімінің басым бөлігі (65%) реті бойынша төртінші баланың тууы есебінен қамтамасыз етілді. Бала туу өсімінің 24%-ы балалардың туу реті бойынша бесінші бала туу есебінен қамтамасыз етілді.




Дереккөз: Автор, ұлттық статистикалық мәліметтер негізінде

Осылайша, Қазақстанда көп балалы отбасыларға берілтеін жаңа ай сайынғы жәрдемақы негізінен реті бойынша 4-ші және 5-ші баланың туылуын ынталандырады. Сонымен реті бойынша 4-ші баланың туылуына 5-ші және одан кейінгі балалардың туылуына қарағанда көбірек демеу көрсетіледі, өйткені 4-ші бала туылған кезде қазақстандық отбасының табысы 2020 жылы айына 44 448



теңгеге, 5-ші бала туылған кезде - айына тек 11 124 теңгеге (55 672 минус 44 448) және т.с.с. артады. Сондай-ақ, аталған немесе осыған ұқсас жәрдемақымен реті бойынша 1-ші, 2-ші, 3-ші балалары туылған отбасыларды қамту қажет пе деген мәселе ашық күйінде қалып отыр.

Жалпы, Қазақстанның өмір сүру деңгейі (табысы) жоғары өңірлерінде 2020 жылы реті бойынша 4-ші бала туу өсімі өмір сүру деңгейі төмен өңірлерге қарағанда аз болғанын атап өткен жөн. Мәселен, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында, сондай-ақ Маңғыстау облысында 2020 жылы реті бойынша 4-ші балалардың туылуы 2019 жылмен салыстырғанда 17-24 пайызға артты. Бұл ретте Шымкент қаласы, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл және Алматы облыстарында бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 30-43 пайызға артық.



Дереккөз: Автор, ұлттық статистикалық мәліметтер негізінде

Өкінішке орай, 2021 жылдың өткен айларындағы балалардың туылу реті бөлінісінде бала туу статистикасы әлі жарияланған жоқ. Сондықтан, 2021 жылғы Қазақстандағы туу көрсеткішінің көпбалалық бойынша жәрдемақыны енгізу нәтижесінде немесе карантин салдарынан өсуін жалғастырғандығын тек 2021 жылдың қорытындысы бойынша тереңірек зерттеуге болады.



Сонымен қатар, көпбалалық бойынша жәрдемақыны алатын көп балалы отбасылар саны 2020-2021 жылдар ішінде айтарлықтай өсті. 2020 жылдың тамыз айында жәрдемақының бұл түрін 394,1 мың отбасы алды. 2021 жылғы тамызда аталған жәрдемақыны 452,3 мың отбасы алды, бұл 60 мыңға жуық отбасына артық.

Соңғы қолжетімді деректерге сәйкес, 2021 жылдың қаңтар-тамызында Қазақстанда 296,5 мың бала дүниеге келді, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,4%-ға артық.